

6D010700- «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша (PhD)  
философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған Әлжанов Ғаділбек  
Мұратұлының «Жоғары көркем білім беруде студенттердің рухани  
дүниетанымын этнодизайн құралдары арқылы қалыптастыру»  
тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне  
Отандық ғылыми кеңесшінің

## ПІКІРІ

Жоғары көркем білім берудегі жаңартылған білім беру мазмұны мен жалпы орта білім берудегі көркем еңбек пәні болып құрылуы, тәуелсіздік кезінен мектептегі екі пән бейнелеу өнері мен технология пәндерінің кіріктіліп, білім, ғылым, өнер интеграциясы түрғысынан негізделіп, қайта ұсынылуы да мазмұнды мәнге ие болды. Себебі, техникалық, экономикалық, цифрлық дәуірлеулер де көркем білім беру саласына өз өзгерістерін алып келуде. Алайда, бірнеше техникалық шығармашылық, көркем құралдар арқылы жүзеге асырылып, білім мен шеберліктер меңгерілетін бейнелеу өнері мамандарында тек қана практикалық бағыттылық шарықтау деңгейіне жетіп, ғылыми-теориялық негіздеуде, дидактикалық құралдармен қамтамасыз етіп, оларды оқу-әдістемелік жағынан жетілдіруде жоғары көркем білім беруде әлі де көптеген еңбектер жасауды бізге қажет етеді. Осындай қарам-қайшылықтар мен мәселелер докторанттың ғылыми зерттеу жұмысының тақырыбы өзекті де, күрделі мәселеге арналып отырғанын дәлелдейді.

Руханилық, дүниетаным, рухани дүниетаным, этнодизайн ұғымдарының зерттеулеріндегі пәнаралық байланыстар негізінде қарастырып, барлық салағымдарының тұжырымдары талданып, ұсынылды.

Жоғары көркем білім беруде студенттердің рухани дүниетанымын қалыптастыруды ғылыми теориялық негізден, әдістемесін ұсынып, оқыту үдерісінде сынақтан өткізілді.

Сонымен қатар зерттеу барысында «Сәндік-қолданбалы өнер (Кілем тоқу және тоқыма материалдарын көркем өндеу)» және «Дәстүрлі материалдарды көркемдік өндеу (ағаш, былғары, сүйек, тас)» элективті курсардың оқу жұмыс бағдарламасына (силлабус) талдау жасаған. Осы курсардың мазмұнына енгізілген қосымшалары мен белсенді үlestірмелі материалдарын ұсынады. Жалпы, докторант зерттеу тақырыбынан тыс ғылыми жобаларда да өзінің ғылыми-әдістемелік ізденістерін көрсете алды.

«Сәндік қолданбалы өнер негіздері» атты оқу құралын дайындаған. Ол оқу құралы «Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы Оқу-әдістемелік бірлестігі (Жобаларды басқару топтары) грифімен жарық көрді (№4, от 05.06.2024ж.).

Диссертацияның мазмұны, құрылымы, гылыми аппараты логикалық байланыскан, тақырыпқа сай құрылған, яғни кіріспедеи, үш бөлімнен, олардың әрқайсысы үш параграфтан, пайданылған әдебиеттер тізімінен және қосымша лардан тұрады. Зерттеу мәселесіне байланысты қойылған мақсат пен міндеттердің мазмұндық сипаттың ашады.

Докторанттың қолы жеткен иәтижелері мен қорытындыларының негізділігі мен дәлелділігі оның бастапқы козқарастарының теориялық-әдіснамалық тұргыда негізделуімен, зерттеудің нақты иәтижелерінің дәлелденуімен қамтамасыз етіледі. Зерттеу қорытындылары гылыми тұргыдан тұжырымдалады.

Г.М.Әлжановтың гылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны халықаралық, республикалық гылыми-практикалық конференциялар мен әртүрлі гылыми басылымдарда жарық корген 11 сабактауда қамтылады.

Қорыта келгенде, Г.М.Әлжанов озінің педагогикалық тәжірибесіне сүйене отырып, сабеккорлықпен, іздеміпаздықпен, зерттеушілік, әдістемелік білімін күндептік жетілдіріп, оз ісінің құзыресті мамандығын ретінде танылды.

Зерттеу жұмысының жаңа жаңа, алынған иәтижелерінің дәйектілігін және практикалық маңыздылығын ескере отырып, толық аякталған гылыми еңбек деп санауга болады.

Сонымен, Әлжанов Фаділбек Мұратұлының «Жоғары көркем білім беруде студенттердің рухани дүниетанымын этнодизайн құралдары арқылы қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысын 6D010700 – «Бейнелеу опері және сыйзу» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін копијалік алдында қоргауга ұсынуға болады деп есептеймін.

**Гылыми көзесші  
педагогика гылымдарының қалыптастырылған  
қауымдастырылған  
профессор**

